www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№2 (834)

22 қаңтар 2021 жыл

ҚЫЛТҰЗАҚ

Орға апарған ОЗБЫРЛЫҚ

Атырауда аты-шулы оқиғаның нүктесі қойылды. Мұздатқышқа салынған сәби өліміне тікелей кінәлі деп танылған Атырау облыстық перзентхананың бұрынғы бас дәрігері Қуаныш Нысанбаев 18 жылға бас бостандығынан айырылды. Қылмыстық оқиға болған күні кезекшілік еткен акушер-гинеколог Асқар Қайыржан 16 жылға сотталды. Акушер дәрігер Жәмила Құлбатырова 15 жылға бас бостандығынан айырылды.



Коллаж Г.ҚАЛИЕВА

Ал қылмысты хабарламағаны үшін, екі неонатолог дәрігер 3 жылға сотталды. Десе де, айыпталушылар сот үкімімен келіспеген жағдайда, апелляциялық сотқа шағымдана алады. Келіспейтінін олар сот үкімі оқыла салысымен білдірді.

Арада екі жыл өтсе де, қоғамда әлі күнге дейін қызу талқыланып келе жатқан бұл оқиға Атыраудағы облыстық перинаталдық орталықта болған еді. 26 апталық шақалақта тіршілік белгісі білінбепті. Дерекқор базасына «өлі туылды» деп рәсімделген нәресте кейін аяқ-қолын қозғалта бастайды. Сот үкімінен кейін күні кеше жүктеліп, мессенджерлерге әп-сәтте тарап кеткен бұрынғы бас дәрігер Қуаныш Нысанбаев пен акушер-гинеколог Асқар Қайыржанның телефонмен сөйлескен әңгімесінде: «...Құдай өзі кешірсін! ... Мынау жыбырлап жатыр ... Мұздатқышта қалдыра сал» деген сөздер анық естіледі.

Осылайша, нәресте дүние есігін аша сала мұздатқышта жан тапсырды.

Мұндай озбырлықты түсіну қиын...

Аты-шулы қылмыстық оқиғадан кейін сол кездегі Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мәншүк Аймұрзиева қызметінен босады. Көп ұзамай, перинаталдық орталықтың 31 қызметкері де қызметінен кету туралы өтініш жазды.

Бірақ олармен келіссөз жүргізіліп, 31 қызметкер орнында қалды. Бейресми дереккөздерінен білгеніміздей, мұздатқышта жан тапсырған нәрестенің анасы осы оқиғадан кейін тағы бір сәбиін аман-есен босаныпты. Дәрігерлер мұздатқышта қалдырған сәби бұл шаңырақтың бесінші баласы екен.

Қоғамды дүр сілкіндірген жантүршігерлік оқиға осымен тәмам. Бірақ дәрігерден «балаңыз өлі туды» деген хабарды естіген аналардың көкейінде «менің балам да осындай мұздатқыш камерада көз жұмбады ма екен?» деген күдік қалып қойған секілді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

ОҚШАУ ОЙ

***Осы аптада қоғамда дау тудырған әлдебір шикі заң жобасы туралы әңгіме қызу талқыға түсті. Мәжілістің мақұлдауынан өткен, бірақ Сенатқа әлі жетпеген әлгі заң жобасының кейбір тармақтары қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарына қайшы, отбасылық қарым-қатынасқа кереғар көрінеді. Біз аты-шулы заң жобасын тауып, танысып шықтық. Заң «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» деп аталады екен. Жұрттың талқысына түсіп, талас тудырғаны әлгі заң жобасының 5-бабы. Онда 11-тармақ бар. Кейбір заңгерлердің түсіндіруінше, осы 11-тармақтың бәрінде кемшілік бар. Мәселен, сол тармақта «Адамның құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ықпал ететін әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді болғызбау» деген сөйлем бар. Былай қарасаңыз, қарапайым оқырман байқай алмайтындай жып-жылтыр дүние. Бірақ заңгерлер мен зиялы қауым өкілдері мұның астарында ұлттық болмысымызға кереғар күрделі саясат бар екенін айтады.*

Біз белгілі абайтанушы-ғалым, ұлтсызданған қазақтарды ұзақ жылдардан бері зерттеп жүрген ақсақалымыз Мекемтас Мырзахметұлына хабарласып, осы мәселеге қатысты пікір білдіруін өтіндік.

БІЗ ЕШҚАШАН ЕУРОПАЛЫҚ БОЛМАЙМЫЗ!

Қазіргі мектепте оқытылып жатқан педагогика ғылымы – бұл түбірінен қате оқытылып жатқан ғылым. Біздің қазаққа шығыстық педагогика керек. Ал мына педагогика ғылымы Еуропа мен Ресейде пайда болған, атеист пиғылдан, көзқарастан туған ғылым. Біз соны тұтынып отырмыз. Құлдық психология етімізден өтіп, сүйегімізге сіңіп кеткен. Құтылайық десек те құтыла алмай жүрміз ғой. Ондай ғылымды миымыздан да, оқу бағдарламасынан да алып тастау керек. Себебі адамдық болмысы, ұлттық тамыры, кісілік қасиеті бұзылған елдің педагогикасы бізді ұшпаққа шығармайды. Соны ойлап отырған адам бар ма бізде? Жоқ-ау деймін. Бар болса, Еуропаның шіріген ғылымынан әлдеқашан бас тартар едік.

Еуропаның педагогикасы қазақтың табиғатына, ұлттық салт-дәстүрімізге, әдеп-ғұрпымызға, дініміз бен ділімізге жат. Еуропа сол ғылыммен жақсылыққа жетсе, осы күні озып кетер еді. Керісінше азды, тозды. Ері қайсы, әйелі қайсы, біліп болмайсың. Әйел мен ердің орны, қызметі деген сияқты құндылықтардың бәрі жойылып кетті. Қызтеке жігіт, еркекшора қыз көп. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасы біздегіден бөлек. Қысқасы, олардың өмір сүру дәстүрі әлдеқашан бұзылған.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰРЫҚ

АЛАЯҚ ӘЙЕЛДІҢ АМАЛЫ

Өзін Алтынаймын, дәрігермін деп таныстырған әйелдің қылмысы әшкереленді. Қытайда туған, бұрын сотталған бикеш бала көтере алмаған әйелдерді «бедеуліктен емдеймін» деп алдап, ақша тауып жүріпті. Бұл туралы Алматы қаласының полиция департаменті басшысы Канат Таймерденов өз парақшасында жариялады. Ол күдіктінің суретін де салыпты.

Қ.Таймерденов «Алматыда өзін медицина қызметкері ретінде таныстырған әйел бедеуліктен емдеуге уәде береді. Іс жүзінде 1986 жылы туған Н. есімді азаматша – ҚХР тумасы, іздеудегі қылмыскер. Бұрын сотталған. Алматы облысындағы әріптестеріміз алаяқтық жасағаны үшін бұл азаматшаға іздеу салғаны анықталды», – дейді.

Белгілі болғандай, сот билігінен жасырынып жүрген қылмыскер бірнеше заңсыз әрекет жасаған. Өзін медициналық мекемелердің бірінің қызметкері ретінде таныстырады. Сөйтіп бедеулікті, өзге де гинекологиялық ауруларды емдей алатынын айтып, алдайды. Ол үшін алдын ала сыйақы талап еткен. Зардап шеккендермен кездескен кезде әйел өзін «Алтынай» деп таныстырады. Ол адамды қалай сендіру керектігін әбден меңгерген. Сондықтан оның арбауына сеніп, алданып қалу оңай.

Қанат Таймерденовтың айтуынша, қазір күдікті қамауға алынған:

«Сотқа дейінгі тергеу ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша жүргізілуде. Біз оны одан басқа бірқатар алаяқтық әрекеттер жасады деп күдіктенеміз. Сондықтан оның жүзін көпшілікке жария етеміз. Осы әйелдің әрекетінен зардап шеккен азаматтарға құзырлы орындарға арызданға болады.

Жарас КЕМЕЛЖАН

АПТАНЫҢ АЛАҢЫ

«Тергеу органдары қамауда ұстау мерзімін бірнеше рет ұзартуды әдетке айналдырды. Бұл көбіне Қылмыстық іс жүргізу кодексі нормаларын бұзып жүзеге асырылады. Адвокаттар тарапынан да осы заң бұзушылыққа қатысты шағым көп. Әсіресе, кәмелетке толмаған балаларын жалғыз асырап отырған немесе асырауында қарт ата-анасы бар әйелдерге психологиялық қысым жасалатыны алаңдатады. Миллиондап ұрлаған жемқор шенеуніктен гөрі, балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған әйелдің тергеуден жалтаруы екіталай. Тәжірибе көрсеткендей, бұл нормалар жұмыс істемейді, ал қылмыстық процесті жүргізетін органдар оларды өз қалауы бойынша қолдануда».

Дәния ЕСПАЕВА,
Мәжіліс депутаты

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	55,62
DOLLAR	417,83
EURO	510,78
РУБЛЬ	5,68

ӘМІРДІҢ ӨЗІНЕН

АДМИРАЛ ТАКСИСТ

Еліміздің әскери-теңіз күштерінің бұрынғы бас қолбасшысы Жандарбек Жанұзақов былтыр алты жылға абақтыға кесілген еді. Оған қызмет бабын асыра пайдаланды, қазына қаржысына қол сұқты деген айып тағылды.

Былтыр күзде ісі қайта қаралып, жазасы біршама жеңілдетілді. Бас бостандығы 5 жылға шектеліп, 30 млн теңге айыппұл төлейтін болды. Отыз жылдан астам уақытын әскери қызметке арнаған адмирал қандай да жұмыстан арланбайтынын көрсетті. Қазір ол Нұр-Сұлтанда жолаушы тасиды, яғни такси қызметінде. Сөйтіп мойнына салынған айыппұлдан біртіндеп құтылмақшы.

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

МӘСЕЛЕ

Жыл бастала салысымен, яғни 2 қаңтарда Мемлекет басшысы экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері туралы заңға қол қойды. Оның ішінде азаматтардың зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй сатып алу немесе емделуге пайдалану құқығы да белгіленген. Заң күшіне енді.

Оны алдағы уақытта көре жатармыз. Қазіргі мәселе, жұртты көгертіп-сазартып күттіріп қоймай, істің алға жылжуы болып тұр.

Зейнетақы қорындағы ақшаның әркімге берілмейтіні де баяғыда ескертілген. БЖЗҚ жариялаған мәлімет бойынша, 761 мың салымшы өз жинағын пайдалану құқығына ие. Егер сол 761 мың адам жаппай зейнетақы қорындағы қаржысын алуға ұмтылса, бес жылға дейін сатуға болмайтынына наразы. Бұл орайда адамдардың түрлі жағдайға тап болатынын ескерілмеген. Мәселен, басқа өңірге, қалаға көшуі мүмкін» деген халық қалаулысының сөзі көкейге қонымды. Сондай-ақ салынып жатқан тұрғын үйден үлескерлік келісім бойынша пәтер сатып алу мүмкіндігі, тұрып жатқан үйін жөндеу жұмысына қатысты ұсыныстар бар.

ЖҰРТ КҮТІП ОТЫР. ЕРЕЖЕ «КАБИНЕТ АРАЛАП ЖҮР»

Заң күшіне енгенімен, бұл бағытта қозғалыс байқалмайды. 15 қаңтардан кейін жинақтағы қаржының «беріле бастайтынын» құлағымыз шалған. Бірақ «мен ақшамды алдым» деп жар салған адамды көрген жоқпыз. Оның мәнісі осы аптада белгілі болды. Мәжіліс депутаты Аманжан Жамалов бұл мәселеге қатысты өз пікірін білдірді. Депутаттың айтуынша, зейнетақы қорынан алынатын бір реттік төлемді пайдалану ережесі әлі дайын емес сияқты. Ереже түрлі келісім мен бекітуден өту үшін әлі «кабинет аралап жүрген» көрінеді. Бұл қалай?

Былай қарасаң, бәрі дайын сияқты. Ақшаның қайда түсетіні, оны алу тәртібіне дейін әлдеқашан тәптіштелген. Тіпті жылжымайтын мүлік нарығында үй қымбаттай ма? деген сауалдың жауабы да дайын. Сарапшылардың сөзіне сенсек, әйтеуір, онша қымбаттай қоймайтын сияқты.

БЖЗҚ қазынасы 2,4 трлн теңгеге азаяды.

Тіпті ел ішінде, ең азайтып айтқанның өзінде, 8 миллион жұмыс істейтін адам бар десек, қордан қаржы алатын адамның саны 1 миллионға да жетпейді екен. Бұл болашақ зейнеткерлердің жинаған сомасы тым аз екенін көрсетсе керек. Оның үстіне белгіленген шекті мөлшер де көпшілік үшін тым жоғары. Отыз тұрмақ, елуді еңсергендердің көбі әлгі деңгей тұрмақ, оның жартысына да жете алмайды.

Ендігі алаңдатып отырған мәселе – сол жинақты пайдалану арқылы сатып алған пәтерді 5 жылға дейін сатуға болмайтыны. Бұл да жұрттың көңілінен шыққан жоқ. Депутат Жамаловтың айтуынша, қазірдің өзінде «Ашық НҚА» порталында 900-ден астам пікір жазылған.

«Көпшілік зейнетақы жинағын пайдалану арқылы сатып алынған үйді

«Мемлекет басшысы биылғы жылдың 15 қаңтарында ҚР Парламент Мәжілісінің VII шақырылымының бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде зейнетақы жүйесі әділ, тұрақты, жұрттың мүддесіне сай болуы тиіс екенін атап көрсетті», – деп халық қалаулысы азаматтардың өз зейнетақы қаржысын пайдалану құқығына шектеу қоюдың жөні жоқ екенін еске салды.

«Президент тапсырмасын және елдегі азаматтардың күтіп отырғанын ескеріп, зейнетақы жүйесіндегі жинақтың бөлігін пайдалануға арналған нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауды жылдамдатып, қаңтардың аяғына дейін іске қосуды сұраймыз», – деді ол. Өйткені тағатсыздана күтіп жүргендер көп. Сатып алатын пәтерін сайлап қойғандар да бар. Емделуді айтпағанда.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t⁰

«МЕН БАЙЫҒАНДА, ӨКІНІП ҚАЛМАҢЫЗ!»

Алматыдағы емхананың бірінде мейірбике болып жұмыс істейтін сіңлім бір айдан бері қоңырау шалып, бір «күшті» бизнеске кіргенін айтты. Әлгі бизнес өкілдерімен кездестіруге күнде шақырады. «Қарағым, пирамида емес пе, ол қандай жұмыс?» дегеніме қарамай, «келіңіз, өз құлағыңызбен естіңіз» деп қоймады. Содан күндер өтіп жатты. Әлгі сіңлім құдайдың құтты күні хабарласады. «Мен байып кеткен кезде ренжімеңіз, ең жақыным болғаннан кейін сізге ұсынып жатырмын, бүгін кешкі алтыдан қалмай мына мекенжайға келіңіз» деп тақылдап тұр сіңлім. «Қой, не де болса көрейік», – деп жолдасымды ертіп, сіңлім жазған мекенжайға келдік. Алматының ең қымбат аудандарының бірінде орналасқан екі қабатты зәулім үй екен. Қуыс көшеде орналасқандықтан, көлік қоятын тұрақ таба алмай, біраз бөгелдік. Әлгі үлкен үйдің ауласына келгенде сызылған екі қыз күтіп алып, ішке кіргізді. Үйдің іші толған адам. Барлығы жастар. Бір бөлмесі де бос болмай шықты. Бөлме босағанша біраз бөгелдік. Сіңлім «Қазір бәрін өздеріңізге түсіндіреді, керемет бизнес, бүгін ең алғашқы айлығымды алдым», – деп мәз болып тұр. Бір бөлме босап, ішке кірдік. Ұзын бойлы, кәстөм-шалбарды сықитып киіп алған жігіт өзін Санат деп таныстырды. Сосын компания туралы әңгімесін бастады. Оның айтуынша, бұл желілік маркетинг емес, тіпті пирамида да емес. «Компанияның бас кеңсесі – Малайзияда. Сіз бір рет 700 мың теңгеге саяхат картасын сатып алып, өмір бойы аптасына 200 мың теңге айлық ала аласыз. Аптасына, түсінесіз бе! Одан бөлек, жинаған қаржыңызды мұрагеріңізге қалдыра аласыз», – деп тоқтамай сөйледі. Сөзін бөліп: «Ондай айлыққа жету үшін не істеуіміз керек?» деген сауал қойдым. «Бір мәрте 700 мың теңгеге саяхат картасын алыңыз, сосын оны тағы екі адамға алдырыңыз, олар да әрі қарай біреулерін тартады», – деп анау зуылдап берді.

Сонда бұл пирамида емей немене? «Ойланып көрейік» деп әрең құтылдық. Сіңлім несиеге 700 мың алып, әлгі компанияға кіріп алыпты. Бізбен қоса, әпкесіне де несие алдырып, кіргізбекші екен. Бұл компанияның пирамида екені дәлелденіп, елімізде жұмыс жүргізуіне тыйым салынғанын БАҚ-тан оқыған едім. Сонда да жасырын жұмыс істеп жатқаны ғой. Қайбір жылы, осы компания өкілдерімен кездескенім бар. Қателеспесем, 2009-2010 жылдары. Бір танысым шақырып қоймаған соң бардым. Дәл осындай сықиып киініп алған жігіт бизнесті жарнамалап еді. Алтын сағат, саяхат картасы мен тұрмыстық техника алуды үгіттеген. Сол жігіттің алғашқы сұрағы әлі есімде. «Сіздің арманыңыз не?» деп сұрады. «Үй алу, көлік алу, шетелге бару» деп тізбектей бастайсың ғой. Сонда «Біздің бизнеспен арманыңызға тезірек жетесіз» деп басыңды айналдыра бастайды. Енді, міне, бірнеше жыл өтсе де, әлгі пысықайлар қаншама адамды алдап жүр. Сіңлім мамандығы бойынша жұмысын тастап, енді тек осы бизнеспен айналысам деп отыр. Дәрігер боламын деген арманы жайына қалды. Көз майын тауысып алған дипломы да енді сандықтың түбіне кетеді. Оған, бәлкім, әлі де ойланып көрерсің, жұмысыңнан шықпа» дедім. «Сіз де тезірек кіріп алыңыз, мен байып кеткенде өкініп қалмаңыз», – деген жауап алдым. Оңай олжаға кенелемін деп, ертең опық жейтінінде шаруасы жоқ. Бұлай алданып жүргендер қаншама!

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Сөз-Жебе

Айбек ПАЯЕВ, *Мәжіліс депутаты:*

«Сақтандыру жарналарының өсуімен, 2020 жылмен салыстырғанда, Қазақстандағы ең төменгі жалақының мөлшері азайды. Қазір ол – 37 400 теңге. Бізден кейін Нигерия мен Өзбекстан тұр. Ең төменгі жалақы Украинада 27%, Польшада – 9,8%, Беларусьте – 6,7%, ал Ресейде 5,5 пайызға өсті. Зерттеу авторлары шартты азық-түлік себетін құрып, оның құнын ең төменгі жалақымен салыстырыпты. Азық-түлік себетіне нан, сүт, жұмыртқа, күріш, ірімшік, ет, жеміс-жидек пен көкеніс кіреді. Сонда біздегі азық-түлік себетінің құны – 25 280 теңге. Өткен жылмен салыстырғанда, 13,87 пайызға қымбаттаған. Бұл ең төменгі жалақы алатындардың жағдайы нашарлай түскенін білдіреді».

Инфографика

МӘМС (МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ):

(2020 жылғы көрсеткіш, теңге)

Түскен жарна мен аударым	**550,4 млрд**
Оның ішінде	
Азаматтардың жеңілдігі бар санаттары үшін аударылған мемлекет жарнасы	**297,6 (50%)**
Жұмыс берушінің қызметкер үшін аударымы	**162,6 млрд (30%)**
Жұмыскерлер жарнасы	**72,2 млрд**
Жеке кәсіпкерлердің жарнасы	**10,4 млрд**
БЖТ төлеушілер	**2,8 млрд**
Жеке төлемдер	**2,3 млрд**

ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ

(2020 жылғы наурыз-желтоқсан, теңге)

Коронавирус пандемиясы кезінде	**187 млрд**
Оның ішінде	
Денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлеріне қосымша төлемақы	**110 млрд**
Медициналық қызмет пен коронавирустың алдын алу	**54 млрд**
ПТР диагностика	**27 млрд (1,9 млрд тестілеу)**
Жедел бригадаларға	**3,2 млрд (550 мың шақыру)**

Дереккөзі: МӘМС қоры

Қаржы

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫН ЖИНАҒАНДАР

2020 жыл (қаңтар-желтоқсан)

20 жасқа дейінгілер	12,2 млрд теңге
21-30 жас	1,1 трлн теңге
31-40 жас	3,84 трлн теңге
41-50 жас	3,78 трлн теңге
51-60 жас	3,1 трлн теңге
61-70 жас	566 млрд теңге
71-80 жас	4,1 млрд теңе
80 жастан жоғары	644,4 млн теңге

Дереккөзі: Ұлттық банк

QOǴAM
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Оқшау ой

БІЗ ЕШҚАШАН ЕУРОПАЛЫҚ БОЛМАЙМЫЗ!

(Басы 1-бетте)

Қоғамды шулатып жатқан әнебір заң жобасын тықпалап отырғандардың мақсаты біреу-ақ. Ол – қазақты ұлтсыздандыру. Маған сол заң жобасын түсіндіргендердің айтқанынан ұққаным, осыған мүдделі топтардың көксегені – Еуропаның қалдығын бізге тықпалау. Қай бала сүндетке өз еркімен отырсын? Ешкім. Мен де молдалардан үш күн қашып жүріп, мұсылмандық парызды еркімнен тыс өтегенмін. Баланы сүндетке отырғызу – ата-ананың міндеті, қазақтың салты. Ал мына заңсымақтың артында қазақтың дәстүрін мәнсұқтау, қазақты ұлттық қасиетінен айыру сияқты сұрқия пиғыл жатыр.

Еврейлердің өзі қазір сәбилерін перзентханадан шықпай жатып «кестіріп» тастайды.

Біз ешқашан Еуропа болмаймыз. Қазақ болып қаламыз. Өзіміздің ата жолымыз бар. Сол жолдан адаспауымыз керек. Бірақ мысықтілеулер бізді сол тура жолдан тайдырғысы келеді, шатастырғысы келеді. Қазақты аңдып жатқан іште де, сыртта да дұшпан көп. Сыртқы дұшпаннан гөрі, қазір ішкі жаудың күші басым сияқты. Құлданған, орыстанған қазақтарды айтып отырмын. Олар үшін қазақтың салты сайқымазақ, дәстүрі даңғой, тілі тұрпайы. Олар Еуропа болғысы келеді. Адам құқығын сақтау керек деген желеумен ішіміздің іріткісі келеді. Ондай тілеуі жамандардың артынан еріп адаспайық! Сатылған шалақазақтар бұрынғыдан көбейіп кетті. Олар не істерін білмей жүр қазір. Латын әліпбиге де қарсы, «орыс алфавитінде қалмадық» – деп. «Қазақ қалай орыстандырылды?» деген кітапты жазған кезімде, орыстанған қазақтардың талай бәлесін көргенмін. Сол кітапты жетіскеннен жазған жоқпын. Зор қазақтың қор болғанын көргеннен кейін жаздым. Сол үшін артымнан «үндеместер» де түсті. Дәлел-дәйегімді келтірдім. Артымнан тіміскілеп қалмайтын еді. Шындыққа көздері жеткен соң қойды-ау деймін.

Әлемге билігін жүргізгісі келетін әлдебір топтар жер бетінде 1 миллиард адам ғана қалса дейді. Олардың көксегені сол. Мына коронавирус та сондай жоспардан шыққан індет. Олар халықты азайту үшін қолдарына мылтық алып майданға шықпайды. Әртүрлі қитұрқы амалдарға барады. Олар тұмсығын тықпаған жер жоқ қой.

Сталиннің ата жауы – түрік халқы болды. Патшаның өзі түрік халқына Сталин жасаған жауыздықты істеген жоқ. Сөйтіп мақсатына жетті. Түрік халықтарын мәңгүрттендірді. Жерін ту-талақай қылды. Мен де қып-қызыл мәңгүрт болдым. Кейін мәңгүрт екенімді сезіне бастадым. Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болды. Бірақ әлі орыстанған күйден арыла алмай отырмыз. Неге? Өйткені құлдық психология біздің қанымызға сіңіп кеткен. **«Балаларымыз қазақ мектебіне барса да, орысша сөйлейді. Үш қазақ бір-бірімен орысша сөйлеседі. Қазақша сөйлейтіндерді жабайы көреміз».** Бұдан құтылатын жалғыз жол – латын әліпбиіне ауысу. Сонда орыс тілінің үстемдігінен де, құлдық психологиядан да ақырын-ақырын арыламыз. Латын әліпбиі туралы әңгіме шыққа, жата-жастана қарсы болатындар кімдер? Олар – бізге құлдық таңба салғандар мен таңба тәнінен жанына өтіп кеткен өзіміздің қаракөз қазақтар.

Кейде мен қазақты көкпарға түскен серкедей елестетемін. Неге? Бір жағымызда тамыры үзілмеген Ресейдің орыстандыру саясаты, бір жағымызда Еуропаның ұлтсыздандыру саясаты, тағы бір жағымызда дінін сатып байыған жігіттер жүр сақалы қауғадай, балағы шолтаңдаған. Анаусы бір, мынаусы бір тартып, берекемізді қашырып болды. Мына шикі заң жобасы – сондайлардың жоспарының бірі.

Қазақты жер бетінен жою саясаты әртүрлі жолмен жүргізіліп жатқанын біреу сезер, біреу сезбес. Мысалы, Ресей баяғы басшыларының мақсаты – жер бетінен қазақ пен ноғайды құрту еді. Жердің иесі болмау керек дегенді ұстанды. Ресей мен Қытай бірігіп, қазақ пен жоңғар соғысын қолдан жасап жіберді. Сөйтіп, ықылым заманнан бері қонсы қонып келген екі көшпенді халық бір-бірімен ата жау болды, бірін-бірі аямай қырды. Қазақ тарихының қай тұсын алып қарасаңыз да, Ресейден ешқашан жақсылық көрген емеспіз. Ал тарихшылар соны түсінбейді. Біздің миымызды айналдырып, шатастырып, қайдағы жалған тарихты алға тарта береді. Қазірдің өзінде Ресейдің кейбір саясаттанушылары мен депутаттары біздің солтүстік аймақтарымызға көз салып, ауыздарына келгенді айтып жатыр. Ал біз әлі қазақша сөйлеуден арланып жүрміз.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
абайтанушы-ғалым

Тақырыпқа орай

БАЛАДАН ҰЯТ КЕТСЕ, ИМАН КЕТЕДІ

Қоғамда бала тәрбиесі мен оның құқығына қатысты мәселе талқыланып, белгілі азаматтар мен белсенді тұлғалар отбасы құндылығын сақтап қалу жайлы пікірін білдіруде. Ұл мен қыз өсіріп, оның тәрбиесі мен болашағы үшін жауапты әке ретінде бұл мәселеге үн қосып отырмын. Біздің діниіміз бен дәстүрімізде, күнделікті өмір сүру дағдымыз бен ұлттық болмысымызда ата-ананың ұрпақ алдындағы аманаты, баланың перзенттік парызы, олардың бір-біріне қатысты тәрбие үлгілері бағзы заманнан қалыптасқан. Осынау құндылықтар ғасырдан-ғасырға жалғасып келеді. «Баланды бес жасқа дейін патшаңдай күт. Бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса. Он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас». Бұл – халқымыздың бала тәрбиесіне қатысты ұстанған қағидасы. Ұрпақ тәрбиесіндегі осы тәсіл өзінің өміршеңдігін дәлелдеумен келеді. Біз ешқашан өзгенің таным-түсінігімен өмір сүре алмаймыз. Ұстанатын діниіміз бен арқа сүйер салтымыз бар. Күнделікті өмірде дағдымызға айналған ғұрпымыз бар.

Өз ұрпағына, аманат етіп алған жарына қол көтеріп, зиян шектіргендер қылмыстық әрекеті үшін заң алдында жауапқа тартылуы тиіс. Алайда бала құқығын алға тартып, оның әдепсіз әрекет жасауына жол беру дұрыс емес. Бұл – бала болашағына балта шабатын қадам. Осындайда «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген нақыл сөз еске түседі. Баладан ұят кетсе, иман кетеді. Біз жас буынды «ұят болады, обал болады, сауап болады» деген тәрбиелік мағынасы терең түсініктермен жөнге салған халықпыз. Осы үш ұғымды өмір сүру дағдысына айналдырған бозбала мен бойжеткен ата-анасын, одан қалса, елі мен жерін ұятқа қалдырмайды. Расында, ата-ана өз ұрпағына тәрбиеден артық нығмет, тәрбиеден артық жақсылық қалдырған емес. Пайғамбарымыз Мұхаммед *(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)* бір әсиетінде: «Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы – тәрбие» деген.

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ төрағасы, бас мүфти

Өзекті

Бірден айтайын, «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру туралы» заң қазақ халқының ұлттық тәрбиесіне, ғасырлардан бері қалыптасқан патриархаттық құрылысына, әлемдік көзқарасына «гендерлік теңдік» арқылы оңдырмай соққы берген. Мына заң жобасы қазақ отбасындағы әкені, еркекті желкесінен сүйреп әкеп, босағаға сүмірейтіп «отырғызып» қойған. Енді әрі қарай осы заңды қолдаушылар «Біржынысты неке туралы» заң жобасын да осы бастан қолдай берсеңдер болады екен!

БАБАЛАР САБАҚТАСТЫҒЫН ҮЗУДЕН БАСҚА ЕШТЕҢЕ ЕМЕС!

Әу баста мемлекет отбасының ішкі дауына араласудан саналы түрде бас тартқан еді. «Неке туралы» кодексте «отбасының ішкі дауын отбасының өзі шешеді» деп анық жазылған. Бұл біздің ұлттық дәстүрімізді, «үй болғасын ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды» деген даналық философиямызбен астасқан кодекс еді. Ал енді «Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру» заңы бір қарағанда ештеңесі жоқ, кәдімгі көп заңның бірі сияқты. Алайда оның ішке бүккен қауіпін ҚР «Халық денсаулығы Кодексі» және «Балалардың құқығын қорғау туралы» заңдармен қоса қарағанда ашыла түседі.

Мысалы, «Халық денсаулығы Кодексінің» 78-бап, 1-тармағында «Әрбір бала мақсатын айтпастан, репродуктивті денсаулығы туралы ақпарат алуға құқылы» дейді. 78-баптың 2-тармағы «Бала 16 жастан бастап, профилактикалық және консультативті-диагностикалық көмек алуға құқылы» дейді. 92-баптың 1-тармағы «Денсаулық сақтау субъектілері 10 жастан бастап балаларға репродуктивті және психологиялық денсаулық бойынша кешенді қызмет көрсетеді». 92-баптың 2-тармағы «10 жастан бастап балаларға репродуктивті және психологиялық денсаулық қызметіне қол жеткізе алады». Енді ары қарай не болатынын өзіңіз-ақ шамалай беріңіз! Әрнәрсені білмекке құмар жасөспірім жұрттан жасырып, жыныстық қатынастың қыр-сырын 10 жастан бастап меңгере берсе не болады? Заңға сәйкес, 10 жастағы балалар бұдан былай сексолог пен психиатрдың көмегіне өз бетінше жүгіне беретін болады. Бірте-бірте, осы заңға сәйкес, «жыныстық денсаулық туралы» білім алуды мектеп бағдарламасынан бастауы да мүмкін. Өйткені Еуропаның бірнеше мемлекеті қазір 10 жастан бастап мектептерде «жыныстық денсаулық» пәнін міндетті түрде оқып отыр. Бұл жоба іске асып жатса, ата-ана қанша қарсы болса да, олармен ешкім есептеспейді. Өйткені «жыныстық денсаулық» туралы бала 10 жастан бастап білуі керек. Заң солай деп тұр! Егер қарсы болсаң – автоматты түрде «бала құқығын шектеп, зорлық-зомбылық жасаушы» болып таныласың!

Ал енді «Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру туралы» заң жобасына қайта оралайық. 1-пунктың 4-тармағында «Ата-ана немесе заңды өкілдің бала мүддесі мен қажеттіліктерін – баланың азық-түлікке, киім-кешекке, баспанаға, тәрбиеге, білімге, медициналық қызметке, қауіпсіз тұрмыстық жағдайын саналы түрде елемеуі» дей келе, осының бәріне «тұрмыстық зорлық-зомбылық» деген сипат береді. Бұл дегенің ақыл тоқтатпаған жасөспірімді өзінің әке-шешесіне, туған-туыстарына қарсы айдап салу, арыз жазғызу, сөйтіп ұлтымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан бабалар сабақтастығын үзу ғой! Одан басқа ештеңе емес! Бүгін төбемізге феминистер әңгіртаяқ ойнатса, ертең көгілдірлердің кердеңдеп шықпасына кім кепіл? Сондықтан «Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру» заңына ағайындық, жеңгелер институттарды реанимациялап, қайта жандандыратын тетіктер де қарастырылуы керек! Дұрыс ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, бала құқығы деп, зорлық-зомбылық деп, ата-бабамыздың дәстүрінен – еркектердің отбасылық үстемдігінен бас тартпауымыз керек!

Тоқтар ЖАҚАШ,
журналист

ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІМІЗ ЕСКЕРІЛСІН

Неге заңды толықтырамыз деген кезде ғана бұл дау шығып отыр? Бұл жерде Еуропа елдерінен көшіріп алған заң жобалары бар. Оны жоққа шығармаймыз. Мойындауымыз керек, еуропалықтардың менталитеті бізге келмейді. Біз өзіміздің ұлттық ерекшелігімізге қарай заңды жіті қарап, май шаммен қарауымыз қажет. Бірақ оған біздің өзіміздің қазақтілді заңгерлер мүлде қатыспайды.

Заңды талқылауға, қабылдауға келгенде, қазақтілді заңгерлер белсенді емеспіз. Сол себепті заң шығарушы орган – Парламент пен кейбір заңгерлер ауылды жерлердегі бала құқығы қалай қорғалып жатыр дегенге мән берсе деймін. Заң баптарының бәрін оқып, оның бәрін талдап шығу қиын. Бір баптың өзінде бірнеше тармақ бар. Онымен арнайы айналысатын заңгер болмаса, мұны қарапайым тілмен түсіндіру көп күш-жігерді талап етеді.

Мәжіліс депутаттарының басқа емес, дәл осы заңды талқыға салмай бәрі бірауыздан өткізе салуы түсініксіз жағдай болып тұр. Халық заңды кімнен талап етуді білуі керек. Халық заңға қатысты не сұраса да, депутаттардан сұрауы қажет. Өздері шығарған, қабылдаған заңды түсіндіріп беруін талап етсін! Әркім өз ісіне өзі жауап беруі керек қой.

Айгүл ОРЫНБЕК, *қоғам белсендісі*

Түйткіл

Мәдениет және спорт министрлігінің қаржылық белсенді қызметіне қалай жауап беру керектігін Ұлттық банк әлі шешкен жоқ.

ҰЛТТЫҚ БАНК НЕГЕ ТАСАДА ҚАЛДЫ?

«Караван» басылымы желтоқсан айында Ұлттық банкке бірнеше сауал жолдады. Ол мынадай сарында еді: басты қаржылық реттеушінің Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан спорт әуесқойларының букмекерлік кеңселерге тіккен қаржысы өтетін Бәс тігуді есептеу орталығын *(ЦУС)* құруына көзқарасы қандай? Апта ішінде редакцияға жауап келді. Шындығын айтқанда, біршама таң қалдырды. Дегенмен жауаптың мазмұнына үңіле отырып, олардың бізге не айтқысы келетінін шамалап түсінгендей болдық.

Ұлттық банк бес сұрақтың үшеуіне жауап беруден бас тартыпты. Бұл сұрақтар олардың құзырына кірмейді-мыс. Ал қалған екеуіне сылап-сипап қана жауап берген.

Біз Ұлттық банкке «Букмекерлік кеңселерге ақша аударушылар жайында ақпарат жинайтын жаңа орган қажет пе? Ұлттық банк мұның бәрін төлем ұйымдарынан онсыз да алып отырған жоқ па?» деген сауал тастадық.

2020 жылдың жазында Мәдениет және спорт министрлігі «Ойын бизнесі туралы» заңға өзгертулер енгізді және Бәс тігуді есептеу орталығын құру *(ЦУС)* құқығына ие болды. Бір сөзбен айтқанда, құмар ойындарына тігілген барлық ақша мен төлемдер өтетін ұйым. Ұсынылған идея тәп-тәуір: букмекерлер – кедей азаматтардың зиянды құмарлықтарын пайдаланатын жыртқыштар. Бұл бизнесті бақылауға алу керек. Құмарпаздарды анықтап, олардың отбасыларын ойран болудан сақтау қажет. Бұл тұрғыда букмекерлік кеңселерді бақылауда ұстау маңызды.

Бірақ Мәдениет және спорт министрлігінің көздеген мақсаты мүлде басқа екені білініп қалды. Ол – ақша. Қазақстанда спорттық сайыстарға тігілетін бәс ақша нарығы 600 миллиард теңгені құрайды. Бәс тігуді есептеу орталығы *(ЦУС)* әр төлем үшін бақандай 4 пайыздан үлес алмақшы. Кіріс мөлшері – 24 миллиард теңге.

Сауалымызға берілген жауаптың тігісі жатқызылған: «Ұлттық банкке келіп түскен ақпарат төлем қызметтері нарығын талдау үшін қолданылады. Ақпарат ақша жіберуші, төлем және аударым мөлшері мен уақыты туралы мәліметтерді нақтылау мазмұнында емес, жиынтық сипатта болады».

Мәдениет министрлігі Бәс тігуді есептеу орталығының *(ЦУС)* операторын жылдам таңдады. Ол әлдебір «Exirius» ЖШС. Аталмыш серіктестік алдыңғы құрылтайшылардан заң Парламенттен өткен күндері, яғни 2020 жылдың жазында сатып алынған. Бұл ЖШС қыркүйек айында-ақ шарттарын ешкім көрмеген шартты тендердің жеңімпазы атанып үлгерді.

«Exirius» ЖШС-ны технологиядан хабары жоқ, тәжірибесіз адамдар басқарады. Неліктен біз мұндай ойға келдік дейсіз ғой? Олар қабылдаған шешімдерге қарап. Бәс тігуді есептеу орталығының *(ЦУС)* тұсаукесерінде «Paybox.money» ЖШС директоры және «Exirius» ЖШС техникалық өкілі Алексей Назаров Бәс тігуді есептеу орталығының *(ЦУС)* электронды ақша жүйесі арқылы жұмыс істейтінін айтты. Әрине, тек соларға ғана қатысты болса, идея керемет. Бірақ Бәс тігуді есептеу орталығы *(ЦУС)* елдегі барлық төлем жүйелерінің ақшасын өзі басқарады. Бұл 60-тан астам компания. Қаржы жіберушілер мен алушылар саны көп болатын нарықта ең бастысы – технологиялық шеберлік пен қарапайымдылық. Электрондық ақша эмиссиясы – төлем жүйесін ұйымдастырудың ең қиын әдісі.

Сондықтан біз мына сауалды қойдық: – Бәс тігуді есептеу орталығының *(ЦУС)* операторы клиент төлемдерін букмекерлік кеңселерге электронды ақша арқылы аударуға қабілетті ме?

Жауап:

– «Exirius» ЖШС электронды ақшаны пайдалана отырып, жасалған төлемдерді қабылдау және өңдеу бойынша қызметтер көрсетуге құқылы төлем ұйымы ретінде тіркелген.

Ал «Exirius»-тің басқа лицензиясы жоқ, яғни компания өз ақшасын шығаруға мәжбүр болады. Әйтпесе, ол жұмыс істей алмайды.

Мұндай екіұшты жауаптар біздің көңіліміздің шықпады. Сондықтан Ұлттық банк жауап бергісі келмеген сұрақтарға қайта оралуымыз керек. Сонымен біз нені білгіміз келді?

– Мәдениет және спорт министрлігі қалайша букмекерлік кеңселерді басқаратын мемлекеттік органға айналды? Неліктен бұл жұмыс лицензияланған қызметті қадағалайтын Қаржы министрлігіне өткізілмеді?

– Букмекерлік кеңселерді басқаратын орган қажет деп есептейсіз бе?

– Ашықтық үшін қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып, клиенттердің букмекерлік кеңселерге жасаған төлемдерін жекелендіруге бола ма?

2020 жылы 10 желтоқсанда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Бәс тігуді есептеу орталығының *(ЦУС)* жұмысын талқылауға арналған конференция өткізді. Ұлттық банк өкілінің айтуынша, оның басшылығы Бәс тігуді есептеу орталығы *(ЦУС)* туралы мәліметтерді ресми арналар арқылы емес, төлем ұйымдары арқылы алған. Сонымен қатар, Ұлттық банкты Бәс тігуді есептеу орталығы *(ЦУС)* операторының қызмет түрін қаншалықты жылдам өзгерткені таң қалдырыпты.

«Exirius» ЖШС-да тек бір лицензия бар. Ол электронды ақшаны пайдалану туралы ғана. Бірақ аталған ұйым қазірдің өзінде құмар ойыншылармен жұмыс істей бастады. Мәселен, салық туралы ақпарат жинау, ақша жымқырумен күресу және басқа төлем ұйымдарынан мәліметтер жинау жұмыстарын жүргізеді.

– Ұлттық банкке тәсілдер мен есептеу бойынша, «Paybox.money» ЖШС мен «Exirius» ЖШС-нің осы процеске қалай тартылғаны туралы ақпарат алу керек. Қызмет түрі өзгерген жағдайда, сіз бізге хабарлауға міндеттісіз, – деп еске салды ҚР Ұлттық банк өкілі. – Егер сіздің қызметіңіз төлем ұйымдарының қызметі ережелеріне сәйкес келмесе, Ұлттық банк шара қолданады.

Бұдан шығатын қорытынды, қанша дегенмен, Ұлттық банк өз қаржы нарығы мен оның жұмысын басқа біреулердің бақылағанын қаламайды. Мұнысы, әрине, құптарлық. Әйтсе де, елдің қаржы нарығының бір бөлігін бақылауға алуға ниетті Мәдениет және спорт министрлігіне кедергі келтіргісі келмейтінін қалай түсінуге болады?

Сонымен бірге Ұлттық экономика министрлігінің өкілі 2018 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің ЦУС-қа ұқсас ұйым құру туралы бастама көтергенін еске түсірді. Министрлік сарапшылары «орталықтың» жұмыс істеу ережелері мен жобасын жасаған. Құжат тиісті органдарға мақұлдануға жіберіліп, тез арада қайтып келген көрінеді. Экономика министрлігінің сарапшылары аталған құжатты шикілігі үшін сынға алыпты.

Қарап отырсақ, кейбір нарыққа қатысушылардың алаңы растала түскендей. Атап айтқанда, Мәдениет және спорт министрлігінің букмекерлік кеңсе қызметтерін қабылдағанын қалайтын әлдебір астыртын күштер бар. 600 миллиард теңге – қыруар ақша. Мәдениет және спорт министрлігі оны «қадағалауы» керек дегенге себеп болған нәрсе осы ма?

Бұл тұрғыдан алғанда, мемлекеттік жеке кәсіпорындар арасынан Мәдениет министрлігіне серіктес таңдау байқауының ашық өтпегені және келісім ашық байқаусыз тікелей келіссөздер арқылы және Бәс тігуді есептеу орталығын *(ЦУС)* ұйымдастырудың көз ілеспес жылдамдықпен жүзеге асқаны және бәс тігу бойынша әр төлем үшін 4 пайыздық жоғары комиссияның белгіленуі тегін емес.

Бәс тігуді есептеу орталығы *(ЦУС)* 2021 жылдың 4 қаңтарында жұмысын бастауы тиіс еді. Бірақ олай болмады. Мәдениет және спорт министрлігі Орталық қызметінің ережелерін Ұлттық банк пен «Атамекен» ҰКП арқылы өткізе алмады. Олардың қазіргі көзқарастарын ескере отырып, Мәдениет министрлігінің қызметіне біртіндеп қарсы тұратын шығар деп пайымдауға болады. Бәлкім, бір жерде қитұрқылыққа барар, енді бірде келісімге келуді соза түсер. Мұндай тәсіл бұлыңғыр жағдайда тиімді-ақ. Жаңа үкімет те осы мәселеге назар аударады деген үміт бар.

Әділ ОРМАНОВ

Өндіріс

ҚЫСҚЫ ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ **ШЫҒАРЫЛА БАСТАДЫ**

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-ға қарасты Атырау мұнай өңдеу зауытында минус 45˚С температураға дейін қатпайтын Altay-45 қысқы дизель отынының алғашқы партиясы өндірілді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестің 403 19154-38-2020 стандарты бойынша дайындалған ДТ-А-К5 Altay-45 маркалы дизель отыны мұнайды терең өңдеу кешенінің Prime D 3205 дизель отынын гидротазарту қондырғысында шығарылды. Жаңа өнім К5 санатының экологиялық талаптарына сай. Күкірттің аз мөлшерде болуы және төмен температуралық қасиеттерін жақсартатын қоспалардың жоқтығы арқасында өнім арктикалық дизель отынының сапасына сәйкес келеді. Айта кетейік, Атырау МӨЗ – рекордтық қату температурасы төмен отын шығаратын еліміздегі алғашқы кәсіпорын. Жаңа дизель отынының бірінші партиясы ішкі нарықтағы қажеттілікті өтеу үшін шағын көлемде өндірілді. Алдағы уақытта сұранысқа қарай Altay-45 дизель отынын өндіру көлемі ұлғайтылады.

Еске сала кетейік, 2019 жылы Атырау МӨЗ елімізде сол кездегі ең төмен температурадағы Khazar -38 дизель отынын өндіре бастаған еді. Бүгінде зауыт Altay-45 өндірісінің басталуымен сүзгілеудің төмен температурасымен аязға төзімді дизель өнімдері желісін шығаруды жалғастырды. Дизель отынының жоғары сапалы төмен температуралы түрлерін өндіру Атырау МӨЗ-ді үш кезеңдік жаңғырту аясында салынған жаңа қондырғыларды іске қосқаннан кейін мүмкін болды.

(Өз тілшіміз)

Тыйым

КӨКӨНІСТЕ **ВИРУС ЖОҚ**

Өткен жылғы желтоқсанда терістік көршіміз елімізде өсірілетін қызанақ пен бұрыштан әлдеқандай вирустың табылғанын сылтауратып, оны өз аумағына өткізбей тастады. Осы аптада сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов бұған қатысты өз пікірін білдірді.

Министрдің айтуынша, Павлодар, Ақтөбе және Алматы облысында көкөніс өсірумен айналысатын бірнеше жылыжайда үш апта бойы жаппай тексеру жүрген. Бірнеше отандық зертханада *(әдейі ресейлік тест қолданылды),* тіпті Нидерландтарда жүргізілген зерттеудің нәтижесінде ешқандай вирус табылмапты. «Кеше «Россельхознадзор» Павлодар облысындағы Greenhouse-Qaztomat өніміне тыйымды алып тастады. Енді қалған екі аймақтағы компанияларға қатысты шешімді күтеміз», – деді Бақыт Сұлтанов. Оның айтуынша, Ресей өз тыйымымен Еуразия одағының нормативтік-құқықтық базасын бұзып отыр. Еуразия экономикалық кеңістігінде әркімнің көрпені өзінің тартуы өзара сауда-саттықтағы текетіреске әкеп соғуы мүмкін.

Көмек

ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕНДІ

Өткен жылғы тамыз бен қараша айларында еліміздегі сегіз облыста құс тұмауы тіркелгені мәлім. Соның салдарынан құс өсірушілер орасан зиян шекті.

Құс тұмауы кезінде 1,9 млн құстың көзі жойылды. Оның 97 пайызы – төрт құс фабрикасының үлесінде.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, былтырғы жылдың желтоқсан айында зардап шеккендерге 740 млн теңгеден астам өтемақы төленді. Атап айтқанда:

Жеке қосалқы шаруашылықтарға – 295,3 млн теңге

«Агроинтерқұс» ЖШС-ға – 445,9 млн теңге

COMMENT 5
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Geosaясат

Жиырма жылдай бұрын табанымыз мұхиттың арғы жағына тұңғыш рет тиген. Ол кезде Американы көру басқа планетаға барғанмен бірдей. American Dream (Америка Арман) ең көп тараған сөз. Бүкіл жүйесі мүлтіксіз істейтін мінсіз мемлекет. Керемет мүмкіндіктер мекені. Басына бақ қонса, кедейдің миллионерге айналуы көзді ашып-жұмғанша. Адамның нәсілі мен түр-түсіне қарамайтын теңдік пен әділдіктің үстемдігі. Былайғы дүние бұл елді солай біледі. Көрген-түйгеніміз де осы ойды растай түсті. Тек бір кездесуден кейін көкейде күмән қалды.

AMERICA 2.0

Сиетл қаласында саны аз ұлттардың өз басылымы бар. Бізді *(журналистерді)* солардың біріне апаратын болды. Біраз жүріп, кәдімгі базарға келдік. Мұның алдында «Вашингтон Пост» орналасқан ғимараттың көп қабатын мойнымызды жоғары созып санағанбыз. Тіпті осындағы «Чайна Таунның» өзінде қытай әйелдің газеті қоныс тепкен үй мұндай қораш емес-тұғын. «Мұнысы несі?» деп түсінбей тұрмыз. Сөйтсек, жергілікті үндістер шығаратын газет осында болып шықты. Түрімізге қарап, өзінің тамыр-тегімен әлдебір ұқсастықты тапса керек, үндіс әріптестеріміз туысқаны келгендей құшақ жая қарсы алды. Жөн сұрастық. Қазақ екенімізді, олардың арғы бабалары сияқты жылқыға жақын екенімізді айттық. Тәбәрік-тартуымыз тобылғы сапты қамшыны тапсырып жатып, әзіл-шыны аралас: «Біреу-міреу тізе батырса, мына қарумен сазайын берерсіз» дедік. Қамшыны біледі екен. Бас редактор Елин ханым атасынан қалған қастерлі жәдігерді есіне түсірді.

Олар басылымды өз қаржысына шығарады. «Қалталы демеуші табылмай тұр» десті. Әйтпесе, автокөлігіне «Чероки», «Понтиак» секілді үндіс тайпаларының атауын беріп, байыған үстіне байып жатқан алпауыттар жетерлік. Баспасөзді қолдап,

қорғайтын қорлардан да қайыр жоқ. Жалдау ақысы арзан деп осы жерді таңдапты. Біздегі газет-журналдың жағдайын сұрады. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін айттық. Мұны естігенде бас редактор Елен ханым: «Біздің билік екіжүзді. Басқалардан аз ұлттардың құқығын қорғауды, пікір білдіру еркіндігін талап етеді. Шетелдегі түрлі ұйымдарға грант бөледі. Ал бізге келгенде қолы тар. Өз еліндегі кемшілікті көрсе де, көрмегенсиді», – деді терең күрсініп.

* * *

Күллі әлемдегі өз мүддесін көбірек күйттеген Америка дәл қазір өз ішіндегі ахуалға бас қатыруға мәжбүр... Былтыр тәртіп сақшыларының көшеде қара нәсілді Жорж Флойдты тұншықтырып өлтіруі Пандора құтысының ауызын ашып жібергендей

болды. Black Lives Matter *(Қаралардың өмірі мәнге ие)* деген ұранмен жаппай шеруге шыққандарға басқалар да қосылды. Жер-жерде баяғы құл иеленушілердің ескерткіші құлатылды. Бұған дейінгі қысым мен қиянат үшін тізерлеп кешірім сұрау сәнге айналды.

Наразылықтың өршуіне пандемия да ықпал етті. Қытайдағыдай емес, мұнда



макалада конгрестегі өкілдер палатасы жетекшісінің кеңсесінде аяғын үстелдің үстінде қойып отырған Ричард Барнеттің суреті бар. Газеттегілер осы арқылы өресіздік кеселі Америкаға да жат емес білдіргісі келсе керек.

* * *

20 қаңтарда жаңа президент Байденнің ұлықтау рәсімі өтті. Төрт жылда екінші рет мәжбүрлеп тақтан түсіріле жаздаған *(импичмент)* Трамп қалыптасқан дәстүрді бұзып, салтанатты жиынға қатыспады. Ол «Патриот» деген атаумен жаңа партия құратынын хабарлады. «Трамп кетті, бірақ трампизм қалды» десті сарапшылар. Сайлауда оны дені ақ нәсілді 72 млн азамат қолдады. Демек, жақтасы аз емес.

Ақ үйдің жаңа қожайынын шетін міндеттер күтіп тұр. Бұрынғы президенттердей емес, бар күшті алдымен ел ішіндегі күрмеуі көп түйіндерді шешуге жұмсауы тиіс. Пандемияны ауыздықтап, шатқаяқтаған экономиканы қалпына келтіру қажет. Ең бастысы, құрау-құрау болып тұрған қоғамды бір мақсат, бір мүдде төңірегінде топтастыру. Ол билікке келген демократтардың ешкімнің түр-түсіне, өмірлік ұстанымына қарап бөле-жармай, кеселмен күреске дер кезінде мән бермеді. Тіпті Трамп пен оның жақтастары карантинге, бетперде тағып, оқшауландыруға қарсы шықты. Соның салдарынан індет тез жайылып, өлім-жітім көбейді. Денсаулық сақтау мекемелерінің дені жекеменшік қолында. Содан болар, үкіметтің тәжкеселге қарсы амал-әрекеті пәлендей нәтиже бермеді. Мемлекеттің тұрғындар алдында әлеуметтік жауапкершілікті жеткілікті дәрежеде сезінбеуі күшейіп келе жатқан

Димаш АҚШ президентінің ұлықтау рәсімінде қазақтың «Самал тау» әнін орындады

солшылдар қозғалысын жандандырды. Қаратүстілерге қосылып, әділдік талап еткендер де солар.

* * *

Америка президент сайлауына ала-құла көңіл күймен келді. Ақ үй қожайынын таңдау бұрын-соңды болмаған талас-тартыс, айыптау және ақталуға ұласты.

Дегенмен бұл жолғы сайлау дауыс беру нәтижесінен гөрі 6 қаңтардағы оқиғамен есте қалары анық. Сол күні АҚШ конгресі Жозеф Байденді Американың 46-шы президенті ретінде бекітуі тиіс еді. Жиын алдында наразы топ ғаламдық демократияның бесігі – Капитолийге лап қойды. Еліргендер мен есіргендердің әрекетін көрсететін бейнекөрініс пен суреттер дүниежүзіне тарады. Солардың бірінде конгрестің мінберін қолтығына қысып бара жатқан Адам Жонсон *(Alam Johnson)* бейнеленген. Ол мінберді ескерткіш үшін емес, сатып, ақша табу үшін әкетіпті. Міне, осыдан-ақ шерушілердің шынайы бет-бейнесін пайымдауға болады. Американ телеарналары тосын оқиғаны тікелей эфирде көрсетті. Әдетте, мұндай бүлік туралы шетелден хабарлайтын тілшілердің бірі «Мен Қабылда емеспін, Бағдатта емеспін, мен қазір Америкадамын!» деп жатты жанұшырған дауыспен. Адам қаны төгілді. Тарихшылар Конгресс ғимараты соңғы рет бұдан 200 жыл шабуылға ұшырағанын қаперге салды.

Саясаткерлер Американың беделі мен мәртебесіне елеулі нұқсан келтірген осы оқиғаны аяусыз айыптады. Бұрынғы президент Жорж Буш «Мұндай ессіздік тек «банан республикасында» ғана болады» деді. «Банан» деп үшінші дүниені меңзегені түсінікті. Оған Африкада жарық көретін Kenya Daily Nation газеті «Ендігі Жерде «Банан Республикасы» кім?» деген кекесінді сауалмен жауап берді. Кениялық басылымның бірінші бетінде жариялаған

бәріне құрметпен қарайтынын мәлімдеді. Өзінің орынбасары етіп әкесі қаратүсті, ал шешесі үнді қызы болып табылатын Камала Харристі осы мақсатпен таңдаған сияқты. Байден ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде осы бірлік пен бірігуге айрықша тоқталды.

Президент сыртқы саясаттағы бағытын America is back *(Америка қайта оралып жатыр)* деген ұранмен білдірді. Мұны «ғаламдық қауымдастықпен қайта қауышу» деп атаған дұрыс сияқты. Бұл ең алдымен, Трамп тәрк еткен халықаралық құжаттар мен ұйымдарға оралуды көздейді. Бұлардың қатарында Париж климат келісімі мен Дүниежүзілік десаулық сақтау ұйымы да бар. Сондай-ақ Мексикамен арадағы шекарада дуал тұрғызу, кейбір мұсылман елдері азаматтарының АҚШ-қа саяхаттап келуіне тыйым салған жарлықтар өз күшін жоюы мүмкін. Сарапшылар дәстүрлі одақтасы Еуропамен түрлі саладағы ынтымақтастық қайта жанданады деген сенімде.

Обама тұсында Иранмен жасалған ядролық келісімге қайта орала ма? Экономикалық әлеуеті Америкадан асып түспесе, кем түспейтін Қытаймен қарым-қатынастағы тоң жібі ме? ТМД мен Таяу Шығыста ықпалды күшке айналған Ресеймен барыс-келіс қай бағытта өрбиді? Халықаралық қоғамдастық осы сауалдарға оң жауап естиміз деген үмітте. Өйткені жаңғыру мен өзгеруге уәде берген Америка бұрынғы абырой-беделіне қауышуды қалайды.

Срайыл СМАЙЫЛ,
саяси шолушы

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Көңіл шіркін бір ашылмас деменіз

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нұржан Қуантайұлының шығармашылығы хақында

Өз басым қазір елімізге аты белгілі ақын Нұржан Қуантайұлы қазақ поэзиясына «Жұлдыз» журналының 1989 жылғы 5-санында жарық көрген топтама өлеңдерімен жарқ етіп келді деп ойлаймын. Расында да, көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің алғы сөзімен, ақ батасымен «Жұлдыз» журналында бір топ ақын-жазушының шығармалары жарияланды. Поэзия табалдырығын сәл ілгерірек аттаған Қорғанбек Аманжолов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Светқали Нұржанов, Қазыбек Исаев сияқты ақындардың қатарында 18 жастағы Нұржан Қуантайұлы да бар еді. Арада екі жыл өтпей Jas qazaq газетінде жарық көрген тағы бір топтама өлеңіне дуалы ауызды ақсақалымыз, қазақтың үлкен ақыны Қуандық Шаңғытбаев Нұржанның поэзиясына жылы тілек білдіріп, ақ батасын берген болатын. Одан бері отыз жыл уақыт өте шығыпты...

...Сол, бозбала кезіндегі өлеңдерімен-ақ Нұржан өлеңдері нақысты өрнегімен, шырайлы тілімен баурап алатын:

Сақылдаған сары аяз,
Айдың нұры сүттеніп.
Түйген нәрсе қалай аз,
Түк көргем жоқ, түк көріп, –

деп төгілетін белгілі «Сіре, сіре, сіре қар» дейтін өлеңінде-ақ он сегіздегі ақын өзінің қолтаңбасы бар, қалыптасқан қаламгер екенін аңдатты. Қазақтың ескі сөз өрнегі оның поэзиясында жаңаша өрілгенін байқауға болады:

Жаз бір шығып, ақ қарды
Қыр асырмас демеңіз.
Көңіл шіркін тапталды,
Бір ашылмас демеңіз.

Нұржанның өлеңдерінен ежелгі қазақ поэзиясының самал лебі еседі. Әрі сол өлеңдері жаңаша өрнегін тапқан. Қазтуған жырау, Бұхар жырау сияқты ежелгі сөз зергерлерінің ою-өрнегі қазіргі поэзиямызбен үндесіп, үйлесім тауып, бүгінгі жырсүйер қауымның көңіл түкпірінен берік орын алып жатты.

«Сіре, сіре, сіре қар» өлеңімен мазмұндас, тағдырлас, қатар жазылған тағы бір өлеңінде ақын өзінің әлдебір аяулы жанға деген сезімін жасырып қала алмайды:

Ызғырық-ау, ызғырық,
Ызаға бөрттік біз құрып.
Ыздиды шуақ сәскеде
Ындыны құрып, үздігіп...

Қыстығып аяз сыз-демі,
Қыс емес мынау түздегі.
Қысылтаяңда сіз мені
Қысымға тастап қалсаң да,
Қыстан да суық болсаң да,
Қысылған көңіл іздеді...

Ғашықтықтың таңғажайып күйін айдай әлемнен көкірегінде жасырын ұстап, қастерлеп жүрген жас жігіттің, мұңлық жанның шынайы да пәк тебіренісі аңғарылады осы жырдан. Міне, осындай өлеңдермен қазақ поэзиясына келген Нұржан Қуантайұлы, аз жазса да, көңілдің түбіндегі аяулы сезімдерді оятатын, тамаша лирикалық жырларын оқырмандарына тарту етіп келеді.

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын Темірхан Медетбек «Жұлдыз» журналының 2008 жылғы 6-санында оның поэзиясын былай деп сипаттайды: «Нұржан сөзбен сурет салуға шебер-ақ. Тағы да ол суреттердің бәрі сондай нақты, бояуы сондай қанық. Сонымен бірге ол суреттердің бәрі де уақыт табымен көмескі тартып көнермейтіндей. Бейнебір олардың бәрі жаңа ғана, сенің көз алдыңда салынғандай. Тіпті ұстасаң, қолыңа бояуы жұғып қалардай немесе нақты бір заттың табы алақаныңа сезілетіндей».

Шынымен, осы сипат анық байқалады. Оқып көрелік:

Мұң түсіріп қызыліңір,
Мұрсат бермей жалғанға...
Дүниенің қызығы мың
Бір сәт тынып қалғанда,

Қызыл нұрға боялғанда
Күн сәулесі әлсіреп,
Селк етіп жан оянғанда
Ұмсынбай ма сау тілек!..

Беу, іңірім, сенен өзге
Берер ме екен сабыр, мұң,
Құйылшы бір дәл со кезде
Тереңіне жанымның.

Табиғат сұлулығын биік аңсар, асқақ құштарлықпен беру – Қуантайұлының туындыларына тән етене қасиет десек, қателеспеспіз.

Дәстүрлі арналардан сусындаған Нұржан жырларының рухы да, нақышы да соны сипатта. Оның туындыларындағы сақара тұрмысын әспеттейтін түрлі полотнолар этнографиялық дерек ретінде қалып қоймай, бүгінгі заманның тыныс-тіршілігімен сабақтастық тауып, астарласып жатады. Ақынның балаң кезіндегі аспани романтизм «өмірлік материалмен» молығып, даралығы басым жаңа бір сапа түзген. Жас қаламгердің көркем ой жүйесіне ұлттық бояулардың сіңістілігі – бұлжымас табиғи қасиеттерінің бірі.

Қазір Нұржан Қуантайұлының шын мағынасында поэзиядағы биік белестерді алғанына көз жеткіземіз. Қанжығасына бұйырған олжа-жетістіктері ойды осының төңірегіне жетелейді.

Ол – көрудің ақыны:

Ақ көбік толқын,
жартасты соғып,
Жартасты соғып өксідің.
Қараша күздің ажары
солып,
Қайғырып соған дертсідің?..

Жоқтадың ба, әлде
жастық шағымды,
Жастық шағымды, қалқам-ай,
Булыққан жасты,
бастыққан мұңды
Ояттың тағы байқамай.

...Ап қашып едің теңізден
шығып
Ноқтаға сыймас басыңды.
Мейірімі жоқ жартасты ұрып
Тас-талқан болып
шашылдың!..

Ол – естудің ақыны:

...Ұңғысында мылтықтың ұйықтап жатты тыныштық.
Электр сым аспанға тарс жабысқан. Күн ыстық.
Табиғаттың бойында тәтті діріл жүгіріп
Балбырайды жарықтық. Не ұғамыз, не біліп...

Гүілдейді ток сымы, уайымы жоқ – шыны,
Жер бауырлап қарлығаш ұшар ізде жоқшыны...
Шашып тастап шырылын шалғын шөптің ішіне,
Шегірткелер көрінбес шеттен келген кісіге.

...Үндер үнге соғылып, сылдыр етіп тастармен,
Бұлттың дәмі таңдайда татып тұрды аспанмен.
Қара судың жүрегі қандай таза, қарашы,
Сай табаны маужырап, есінейді даласы.

Әукесінен сипатып ерке желге жүгірген,
Пысылдайды құба дөң құлағымның түбінен.
Тамырында дүниенің діріл барын білсек-ті:
...Тыныштықты шыңғыртып шуда түтін гүрс етті!..

Осы секілді өзгеше өлеңдер Нұржан лирикасының тұтас мазмұнын ашып, келістіріп салған ою-өрнектей өңін ажарландырып тұрады. Ақын фантазиясының ұшқыр әрі бай екенін байқататын басқа да жырлар баршылық.

Нұржан Қуантайұлының мықты ақындығымен бірге ғалымдығын да атап айтпаса, болмайды. Ол – Жүсіпбек Аймауытовтың, жиыны бір том болатын, белгісіз болып келген жүзге жуық шығармасын, әңгімелері мен мақалаларын тапқан үлкен зерттеуші. Ол жинағы 2012 жылы «Қаламгер» баспасынан шықты, кейін осы жинақта шыққан, Нұржан тапқан шығармалары Аймауытовтың әдебиет институты әзірлеген, 2015 жылы жарық көрген алты томдығына енгізілді.

Бұл ғана емес, Нұржан бір кезде архивтік дүниелерді ақтарып, белгісіз болып келген көп шығарманы жарыққа әкелді. Олардың қатарында, мысалы, Мағжанның «Інірде» деген өлеңі бар. Міне, ғылыми ізденістегі осы табыстары әуелі осыдан жиырма бес жыл бұрын «Жүсіпбек Аймауытовтың көсемсөзі» атты кандидаттық диссертациялық жұмыстан басталған болатын. Мен жетекшілік еткен осы жұмыстың кезінде биік дәрежеде қорғалғаны бәрімізді қуантады. Жалпы, Нұржанды өз басым туған інімдей жақсы көремін. Бір сырлы, бір сөзді азамат. Студент кезінде кураторы да болдым, шәкіртім деп мақтан тұтамын.

Қай қияға салсаң да, талмай өрге шығатын, таланты тас жаратын Нұржан Қуантайұлы соңғы жиырма жылдың бедерінде прозаға түрен салды. Қазір есімі елге белгілі прозашының шығармалары оқырманын да, әдеби ортаны да елең еткізіп отыр. Ол енді – кейіндеу, арнайы әңгіме қылатын дүние. Елуді еңсеріп отырған дарынды бауырыма ғұмыр жасың ұзақ болып, том-томдап классикалық дүниелерді жаза бер деп тілек айтамын.

Бауыржан ЖАҚЫП,
Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі

Бүгін, 2021 жылдың 22 қаңтары күні сағат 11:00-де Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, жазушы **Нұржан Қуантайұлының** 50 жасқа толуына арналған **«Баспа ісі және әдеби үдеріс: жазушы – редактор – оқырман»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтеді.

Конференцияның Zoom-дағы сілтемесі:
Идентификатор: **867 7443 2310**
Код: **207 601**

ҚАНСОНАРДА

Көбік қар басып,
Көк аспан ашылып түрды.
Қансонар түсіп саяттың басын ұқтырды...
Ұмсынып көңіл,
Ұмтылдық ұмар да жұмар
Көзбенен шіркін көруге асығып қырды.

Аппақ қар жатыр алаңсыз елең-алаңда:
«Қансонар» дейді тұрмаймын деген адамға.
Аттарды ерттеп,
Аттандық әбігер болып –
Аңшылық қалған із еді көне даламда.

Бұлт та жоқ бүгін,
Бұл да бір базына дедік.
Екпіндей соғып енгеміз жазыға келіп.
Құмай жоқ,
Көп ит ереді көбейтіп қара,
Бүркітің қайда, азайған тазы да кеміп...

Қасат қар қалың елтірі тон жағасындай.
Қиялмен алған көңілде олжа басылмай,
Қиялап шықтық төбеге,
Белесте көп із –
Абай атамның шиырлы қолжазбасындай.

Тебініп шығып,
Табақтай күн ауытқығанда,
Түлендей желік ойнайды-ау бір ауық қанда.
Қарай да қарай әйтеуір қарасын шалдық
Бауыры аттың бусана қырауытқанда.

Жүгірді иттер. Біз артта шоқырақтаған.
Малтығып қарға,
Алғызбай атырап табан.
Алдырмай барат қу қызыл көлденең шауып –
Ержекемнің де жете алмай аты мақтаған...

Айқайлап қусақ – бұл дағы бір кештің жыры,
Арманда кетпес дәл бұлай түлкі есті күні:
Қыржыңдап, сорлы жалп етті ұйтқытып қарды,
Оздырып оғын, «Дүңк!» етті винчестр үні...

...Аңшылық солай
Атамнан сарсылып келді...
Елең де қылмай ербиген паң шіліктерді,
Еңсені жазып,
Еңіретіп мылтықты атсақ –
Өзінше ол да, құдай-ау, аңшылық болды...

ТЕБІНДЕ

Ықтасын болмай тау іші,
Ызғарын ұлытып.
Сары аяз қарып бет-жүзін, мұз қатып кірпік,
Қайың құрығын сүйретіп қайқаңға шықты
Жылқышы малға «hай-hайлап»,
Түз-тағы үркіп.

Елтірі тымақ кигені, қасқырдан ішік –
Суықтан қамсау.
Сары аяз – қас қылған күшік.
Алашабырланып қоян жон беткейдің қары –
Ажырап қалған бейнебір басқұрдан үзік.

Иінінен өтіп құлама, иірлі жардың,
Тебіндеп кешке шыққаны үйірлі малдың.
Төсінде қырдың тебісіп құлын мен тайы,
Сергітер бойын, қандырып иін құмардың.

Үйірді мынау үйірген айғыры күшті,
Шау тартса дағы әлігүн айбыны сұсты.
Қарагер құлын қалқиған шалынып көзге,
Тегі бір айғыр есіне тай күні түсті...

...Аршып тастады айғырдың тұяғы қарды,
Жылқышы көзі жітірек –
Қияны шалды.
Бетеге, жусан белде жоқ,
Қыр астын қармап,
Жұғын да болмас жұмырға қияғы қалды.

Қараңғы іңір қара шат төрінде жатқан,
Бір сүйкем жұлдыз шаңытты көгінен аққан...
Тобықтай оймен толғанар жылқышы шалым
Көп малға қарап қырдағы тебінде жатқан.

Шыңылтыр аяз алмайды-ау тызақтап тағат,
Сіңіп барады қойнауға түсі аппақ алап.
Әлімсақтан-ақ текті мал,
Әлі кеткен бе,
Әйтеуір қаны сұйылып ұсақтап барат.

...Бұзылып күні,
Білінді үскіріп алдан,
Борасын жаяу жүгірді – ұшқыны қардан.
Кешегі белді жылқының ұстыны қалған:
Дәмелі көптің жылқыдан мініп кеткені –
Ау жетпес шабан,
Алдаған түс қылып арман.

Жылқышы шал да айтып қап ілкіде шынын:
– Жыға танымас кей тантық жылқының сынын!..
Жүйріктің сойын бұзғаны бөтен жұрт келіп,
Ұға алмай ұрпақ бұрынғы үлгінің сырын.

Қазақы жылқы азайған,
Арғымақ қайда?
Дүйім жұрт жатыр даурығып, дау құрап ойда.
Рысақтардың буданы – ел сүйген тұлпар,
Жүгіртіп мәз бол...
Сабаумен салғылап, қойма!..

...Мал бағу қиын – ес кетіп, жан шығарасың...
Тебініп атын жылқышы, қамшыға басып.
Тұлпар шығатын құлын бар,
...Тұғыр да болар,
Жабысы келіп тайына қанжығаласып...

...Жүйрігі жауыр болды ма, тұғыры – тұлпар?
Дем-күші еске алынбай: тығыны шырқар.
Озбаса тұғыр –
Иесінің сезігін секем
Көтерме сүйрер деген бір ұғымы қымтар.

Көтерме қалмас тоқ үміт, ұзын дәмемен...
Қарагер құлын ақ қарда қызынған денең!
Тақымға басып құрықты,
Көңіл түбінен
Жылқышы сонда суырда шыжымдап өлең...

Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Журналист үшін қасиетті құрал болып табылатын қағаз бен қаламның иесі, жазба журналистиканың көзі тірі киесі – Мағира Қожахметова 75 жасқа толып отыр. Бүгінгі әңгімеміз ұлттық журналистиканың пұшпағын үздіксіз илеп және оны қалай илеу керектігін бала шақтан үйретуді ұрпақ сабақтастығына ұластырған, журналистік шеберлікті жазушылық кемеңгерлікке жалғастырған журналистика мәдениетінің мұрагеріне арналды.

Ұлт ұрпағының ұстазы

Мағира Қожахметова – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 1969 жылғы түлегі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Республикалық танымдық-медициналық «Дертке дауа» газетінің және «Балбұлақ» республикалық балалар журналының бас редакторы.

«Күннің алтын сынығы», «Әлем-әуен», «Жылы шырай», «Адам құпия», «Жантәсілім», «Жападан-жалғыз» кітаптарының, көптеген ақпараттық-танымдық мақалалардың, қазақ халқының біртуар қаһарманы Бауыржан Момышұлы, қазақ би өнерінің майталманы, балет өнерінің шебер бапкері Болат Аюханов сынды еліміздің танымал тұлғаларының бейнесін сомдаған жүздеген шығармашылық портреттердің, маңызды өмірлік оқиғаларды сахна тілінде сипаттаған драмалық туындылардың авторы.

Осындай орны бөлек қаламгердің өмір жолына аз-кем тоқтала кетейік.

Мағира Қожахметова 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген соң, республикалық «Лениншіл жас» *(қазіргі «Жас Алаш»)* газетінде 1981 жылға дейін журналист болып жұмыс істеп, қаламын ұштайды. 1981-1992 жылдары «Қазақстан әйелдері» журналында, 1992-1994 жылдары «Денсаулық» журналында, 1994-1996 жылдары «Ай», 1996-2002 жылдар аралығында «Ақ желкен» журналында қызмет етеді. 2002 жылдан бастап балаларға арналған «Балбұлақ» журналын шығарумен айналысады. Сонымен қатар 2005 жылдан бастап көпшілікке арналған танымдық-медициналық «Дертке дауа» газетін шығарып, басы ауырып, балтыры сыздаған талай адамның жанына жалау болып келеді. Ал осынау өмірдерек өрісінің ең бір тұнық, ең бір

мөлдір тұсы, журналистика факультетінің түлегі Мағира Қожахметованы бүгінгі журналистика факультетімін бүртұтас ететін белесі — «Балбұлақ» журналы. Бұл журналға бала күнінде кімдер мақала жазды десенізші! Жазып қана қоймай, сол жазған мақалаларын жиып-теріп, апарып көрсетіп, шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл алып, журналистика факультетіне оқуға түскені қаншама?!

Қазір Алматы облыстық әкімшілігінде қызмет істейтін Ғалимұрат Жүкелұлының 11 жасында «балаларға арналған басылымдарды шығару ісі жас жеткіншектердің өздеріне неге тапсырылмайды?» деген сауал сол кездегі «Ақ желкеннің» бас редакторы Мағира Қожахметованы қатты таңғалдырыпты. «Міне, ойлау жүйесі ерекше балақайдың сол тілегін жүзеге асырып, жиырма жылдан бері жеткіншектердің өзі дайындайтын «Балбұлақ» журналын шығарып келемін. Ғалимұрат – қазақтың аса дарынды қаламгері, ақын, сыншы, аудармашы Жүкел Хамайдың баласы. Қазір өзінің де үпір-шүпір балақайлары өсіп келе жатқанынан, басқа да жаңалықтарынан әлеуметтік желіден хабардар боп, өмірден өз орнын тапқанына, қабілетінің ұшталып, парасатты азаматқа айналғанына қуанып отырамын», – дейді ұлт ұрпағының тілеулесі Мағира апай.

«Ұдайы төсегімнің басында жататын бір кітап бар, ол «Адам-құпия» деп аталады. Оны қолым қалт еткенде, ұйқым бұзылғанда, кейде тәп-тәтті түстен оянғанда қолыма аламын. Содан бері әр адамның ешкімге ұқсамайтын даралығы, ерекшелігі қызықтырумен, күрсіндірумен келеді» деп белгілі журналист, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі Нұрлан Құмар 2003 жылы жазған екен. Ол да жас кезінен «Балбұлақтың» редколлегия мүшесі боп, талай жылдар бойы балақайларға арналған «Шахмат үйрену мектебін» тегін жүргізді. Дәл сол сияқты Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқыған шәкірті Серікбай Селеубайұлы оқушы кезінде редколлегия мүшесі болып, бес жыл бойы «Ат – ердің қанаты» айдарын оқырманға ұсынды. Бүгінде қоғам қайраткеріне айналған Айдар Қырықбай оқушы кезінде Мағира апайын іздеп келіп танысқан екен. Журналдың белсенді авторы, кейін «Балбұлақтың» редколлегия мүшесі боп, жан-жақтан қабілетті балақайларды жинап, Алматының мәдени орындарымен, театрларымен келісіп, республикалық деңгейде түрлі шаралар өткізіпті. Мағира апай оның көрген түстеріне дейін зерттеп жазып, ұйымдастырушылық қабілеті тәлімгерінің көз алдында шыңдалды.

2002 жылы АҚШ-та, Голливудта «Әлемдік орындаушылық өнер фестивалінде» «Көкіл» нағыз қазақ мектебінің оқушысы

"Балбұлақ" журналының авторлары

Мұрагер Сауранбаевтың баратынын естігенде, Мағира апай қатты қуанды. Анасы Мақпалға Мұрагердің сол сапардан күнделік жүргізуін өтініп қайта-қайта тапсырды. Мұрагерді редакцияға шақыртып, қалай, не жазу керегін пысықтап, сәттілік тіледі. Мұрагер Сауранбаев сол Өнер фестивалінен алтын медальмен оралды. «Балбұлақ» журналының 2003 жылдың №1 санында «Туымызды биік ұстап...» деген тақырыппен Мұрагердің күнделігінен үзінді жариялады. «Мұқабасына еліміздің туын жамылып түскен суреті шыққан сол журналды Мұрагердің анасы Мақпалдың аялай ұстағаны әлі күнге көз алдымда. Ұлының шығармашылық табысына қалай шаттанбасын! Мұрагердің жазуға икемі бар екенін, өз ойларын қағазға жатық түсіре алатынын айтып, мәз болды. Ең бастысы – ұлтын, елін сүйетіні, білімге құштарлығы, шет тілдерін меңгеруге талпынысы көңілдерінен шыққан еді. Қазір Мұрагер Сауранбаев есімі елімізге қоғам қайраткері, талантты күйші ретінде кеңінен танымал», – дейді Мағира апай күлімсіреп.

«Балбұлақтың» бағбаны, ұлт ұрпағының ұстазы Мағира Қожахметова елінің ертеңіне үлкен үмітпен қарайды:

«Өмір бойы оқисың, газет-журнал, кітаптардан керегінді тауып сусындайсың. Өз тәжірибемде солай, кітабы жоқ үйде, тіпті ұйықтай да алмаймын. Мерзімді басылымдармен, көркем дүниелермен жүйелі түрде танысып отырмасам, ішкен-жегенім бойыма сіңбейтіндей күй кешем. Сәт сайын ізденуге, білген-түйгенімді толықтыруға мәжбүрмін. Өйткені жобаларын өзім ұсынып, шығарып жүрген балаларға арналған «Балбұлақ» журналы мен медициналық «Дертке дауа» газетін дайындау барысында шаршап-шалдығып, кәдімгідей тер төгуге тура келеді. Балаларға ақыл айтудан гөрі, оларды осы басылымдар арқылы нақты іс-әрекетке үйретуге тырысамын. Сол мақсатымды қолма-қол жүзеге асыру үшін «Өзіміз құрастырып, өзіміз шығарамыз!» деген ұранмен жұмыс істеуге жұмылдырамын. Басқа әріптестерім бара бермейтін тақырыптарды зерттеп, ақпарат аясын мейлінше

2002 жылдан бері жарық көріп келе жатқан балалардың республикалық журналы "БАЛБҰЛАҚ" өз оқырмандарын күтеді! Көзге ыстық алғашқы сандары

толығырақ қамтуға ұмтыламын. Жасөспірімдердің ой деңгейі, сөйлеу мәнері, нені мақсат тұтатыны мені қатты толғандырады. Кешегі дәстүрлі тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге қуат көзінің қайнар бұлағы сарқылып бара жатқаны жүректі ауыртады. Осының бәрі жазып-сызудың өзгеше үлгісін, жастарды жақсылыққа, ізгілікке баулудың, білім алудың түрлі заманауи тәсілін меңгеріп, келешек ұлт ұрпағының мүддесіне сай жүзеге асыруға жетелейді. «Балбұлақ» журналының ата-аналар, ұстаздар мен шәкірттер алдында тұрған зор міндеттерін терең түсініп, қазақтардың жаһандану құшағына күмп ете қалмай, әлемдік аренада ұлттық болмыс-бітімімен көрінуіне ықпал ететініне сенемін».

Жидегүл ӘБДІЖӘДІЛҚЫЗЫ,
Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

«Жеткізбей жүрсе біреулер, Біреулер маған жеткен жоқ»

Атажұрттан шалғайда, Өзбекстандағы Тауелібай деп аталатын аймақтың Тамды ауданында дүниеге келген қазақ қызы жастайынан қаламын жанына серік еткен журналист болуды армандайтын. Жүрегі нәзік, өлеңге жаны ғашық арудың арманы алдамады. Қазақы ортада тәлім алған Руза Алдашева жылы 1983 жылы мектепті алтын медальмен бітірді. Сол жылы арман қуып Алматыға келіп, ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсті. Алып-ұшқан бала жүректегі алғашқы арман осылайша орындалды.

Ару қалада білімін шыңдаған Руза оқуын тәмамдағаннан кейін, туған еліне барып, қызмет етті. Себебі, ол Тамдыдағы өскелең ұрпақтың жайын ойлады. Өз тасының өрге домалауын емес, өзге елдегі қарадомалақтардың көкірек-көзін ашуды мақсат тұтты.

Журфактан түлеп ұшқан Руза Алдашева «Тамды шаруагері» газетінде тілшілік қызмет атқарды. Кейінірек көршілес Үшқұдық қаласында жұмысын бастаған «Достық-Дружба» атты аудандық газетке шақыртылды. Сонда барып екі бөлмелі пәтердің кілтіне қол жеткізді. Ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының, талабы мен талантының арқасында қызметі өрледі. Газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшысы, соңында бас редакторы атанды.

Өз кәсібінің қазанында қайнап, ақпарат майданының алғы шебінде жүрген журналист қыз туған елдің тұғырына қонуды аңсады. Жылдар жылжып, күндер сырғып өтіп жатты. Ақыры ақын қыздың арманы орындалып, туған елге жетті.

Руза Алдашева келе сала, Қарағанды облысындағы Теміртау қалалық «Құрыш қала KZ» газетінің бас редакторы қызметінің тізгінін ұстады. Санаулы ғана қазақтар тұратын жерде жұмысын бастаған Руза Алдашева еш мойығаны емес. Орыс тілді ортада Төлеген Айбергеновтің, Өмірзақ Қожамұратовтың 80 жылдығын, Базар жыраудың 175 жылдығын дүбірлетіп өткізіп, жұрттың ризашылығына бөленді. Сондай-ақ Теміртау шаһарында қазақ мектептерінің ашылуына жанын аямай салды.

Ақынжанды арулардың жүрегі нәзік келеді. Содан болар, қоғамдағы әр мәселе ақын қыздың жанына батады. Халқы үшін барын беруге дайын Руза Алдашева тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Руза Алдашева 1999 жылы Астанада өткен «Армысың, Атамекен!» атты халықаралық мүшәйрада бірінші орынды иеленді. Ақынның «Жеткізбей жүрген құштарлық», «Тауелібай – тал бесік», «Қаңтарда қауыз жарған гүл» атты жыр жинақтары жарық көрді. Теміртаудағы комбинат ардагерлерінің өмірі мен еңбек жолын кейінгі ұрпаққа өнеге етіп, үнемі тәрбиелік-танымдық мақалалар жазып келеді. «Теміртаумен тоғысқан тағдырлар» атты авторлық жобасы оқырмандар арасында жылы қабылданды. Осы еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстан Магниткасының 50 жылдығы» төсбелгісімен марапатталды.

Өзбекстанда өткен халықаралық ақындар айтысында Руза Алдашева өлең оқиды. Сонда сахнадағы ақын қызға бір салихалы азамат шығып, гүл шоқтарын сыйлайды. Ол Ташкентте қазақша шығатын «Нұрлы жол» газетінде жарияланған ақын өлеңдерін сүйіп оқитын Өзбекстан Қаржы министрлігі валюта бөлімінің бастығы Сапарбай Жұбаев екен. Кейін дәл осы кісі Руза Алдашеваның «Тауелібай – тал бесік» атты кітабына өзі демеушілік жасап, шығарып береді.

Ақын қызды өлеңге баулыған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берген ұстазы Орынбасар Ембергенов болатын. Ең алғаш Рузаның өлеңдеріне баға беріп, қабырға газетіне шығартқан да сол кісі еді. Ұстазының жол бастауымен поэзия әлеміне еніп, талай бойжеткенге үлгі болған Руза Алдашеванның өзі айрықша құрмет тұтатын ақыны бар. Ол – Өмірзақ Қожамұратов есімді жерлес ақыны.

«Өмірге артар өкпем жоқ,
Ешкімге есем кеткен жоқ.

Жеткізбей жүрсе біреулер,
Біреулер маған жеткен жоқ»,

– деген сүйікті ақынының жыр жолдары Руза Алдашеванның өмірлік ұстанымына айналғандай.

Ақынның өмірлік серігі Бахтияр «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етеді. Ұлы Рамазан – әуе және ғарыш саласының маманы, офицер, ал қызы Жанерке – Теміртаудағы №2 емхананың психологы. Адалдықты ту еткен Руза тұйыққа тірелгенде алып шығатын бір ғана күш бар екенін айтады. Ол күш – сенім. Егер адам бір нәрсеге сенсе, соны соңына дейін жеткізу қажет. Сонда арманың да, тілегің де, мақсатың да орындалады.

«Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» деген сөзді Руза Алдашеванның тағдыры дәлелдей түскендей. Алла пейіліне қарай үнемі жолын оңға бастайды. «Ешқашан қиналған емеспін, алдымнан шыққан барлық мәселе тез шешімін табады» дейді өзі.

Бір кездері ақын қызға арманы алыста секілді көрінетін. Бірақ ол бар аңсаған арманына қол жеткізді. Арман-тілегінің орындаларына сенді. Қазір де болашақтың жарқын боларына сенімді. Жақсылықтан үміт күтті. Кейде әкесінің айтқан: «Маңдайыңа сен» деген сөзі жиі есіне түседі. Ата-анасының басына барып, құран оқытып, тәу етуден күш-жігер жинап алады. «Армандар орындалады» деген сөз дәл осы Рузаға қаратып айтылғандай.

Өткен жылы қызын құтты орнына қондырып, ұлын үйлендіріп, келін түсірді. Туған тілін ту еткен түлек Руза Алдашева бүгінде – Теміртау мәдениет сарайының бөлім меңгерушісі.

Әлбетте, адамда арман таусылған ба? «55 жасқа келдім, енді демаламын» дейтін Руза жоқ. Алдында әлі де алар асуы көп, бағындырар белестері күтіп тұр. Біз оған отбасылық өмірде де, қоғамдық қызметте де толағай табыстар тілейміз!

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ЕСТЕЛІК

Жолдасбек, футбол және «Москвич»

(Осыдан отыз төрт жыл бұрын журфактың студенті Жолдасбек Дуанабайдың стадионда лотереядан көлік ұтып алғаны есіңізде ме?)

Футболдан шықпайтын жанкүйер курс едік. Сондықтан көрген ойынымыздың әр сәті әлі күнге дейін есімізде. Әсіресе, елдің есінде қалған мына бір бәсекеге бүкіл курс болып барғанбыз. 1987 жылдың 20 тамызы. Бейсенбі. Сағат 19.00. Алматының Орталық стадионында ине шаншар орын жоқ: 30 000 жанкүйер иін тіресе сығылысып отыр. Оның екі себебі бар. Біріншіден, «Қайрат» осының алдындағы екі жыл бойы футболдан КСРО чемпионатында көш бастап, ол – ол ма, Еуропаның азулы клубтарын шетінен тас-талқан етіп жеңген Киевтің «Динамо» командасымен күш сынасады. Екіншіден, бұл аламан «тойға» допша домалап келген «қу бастың» әрқайсысы қолына мөр басылған қос қағаз ұстаған: бірі – спорт аренасына кіріс билеті, келесісі – лотерея билеті...

«Қайрат» әдетте жаңбыр жауған кездері айрықша «арқаланып», кез келген қарсыласын тізе бүктіретін. Ырым-жырымға сенетін жанкүйерлер әрдайым қолшатырларын сайлап қоятын. Бірақ бұл күні көк жүзі шайдай ашық болып, көңілімізге күдік ұялатты. Әйтпесе, украиналық мына атақты команданың «қайраттықтардан» әбден жүрегі шайлығып қалғаны рас. Өйткені Алматыда бұған дейін өткен 10 ойынның біреуінде ғана жеңіске жетіп, бесеуінде тең ойнаған және төртеуінде ұтылып қайтқан. Қысқасы, елу күн бұрын Киевте болған тайталас секілді, бұл жолы да Тимур Сегізбаев пен Валерий Лобановскийдің командалары итжығыс түсті. Есеп тағы да: 1:1. Мәскеуде шығатын «Советский спорт» газетінде ертеңіне бұл ойын туралы «Мүмкіндіктер зая кеткен 90 минут» атты репортаж жарияланды. «Гол соғатын сәттер ас та төк болған, шиеленісті мезеттер алма-кезек ауысқан матч қызықты қойылымға айналды, – делінген онда, – Екі команда да жеңіске барынша ұмтылып бақты, қай-қайсысы да оған таяу тұрған кездер болды, бірақ тең есеп – ойынның әділ нәтижесі».

Әрине, алдымен опық жеген, «мүмкіндіктері зая кеткен» – киевтік «Динамо». «Қайраттың» қайрат танытқандығы соншалық, алдыңғы жылдары Еуропаның ең үздік футболшылары атанған, бірақ мына ойында аяқтарын мүлде жаза алмаған Олег Блохин мен Игорь Белановты украиналық жаттықтырушылар алғашқы таймнан кейін басқа ойыншылармен ауыстыруға мәжбүр болды. Әрі қарай олардың да мандытқаны шамалы. Сөйтіп, құрамында қазақ топырағында туып-өскен талантты орыс, украин, шешен, корей, грек, неміс, татар, белорус жігіттері ойнайтын, бірақ ұлтымыздың намысын жыртқан нағыз интернационалдық клубқа айналған «Қайрат» мықты қарсыласын осы матчтың нәтижесінде чемпиондық аңсардан айырды. «Әттең, – дедік, – мына ойынға Пеха қатыса алмады. Әйтпесе, анау қақпашы Чановтың көкесін көзіне көрсетер еді». «Пеха» деп отырғанымыз – «Қайраттың» даңқты шабуылшысы Евстафий Пехлеваниди. Былтыр, яғни 1986 жылғы 3 қыркүйекте осы стадионда қарсыластың қақпасына тура ойын басталған бетте, 10-ыншы секундта гол соғып, КСРО футбол чемпионатының 55 жылдық тарихында қайталанбас рекорд жасағанына және жанкүйерлерге жеңіс сыйлағанына куә болғанбыз *(Түптің түбінде еңбектің еш болмай еленгені қандай жақсы: өткен жылы Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев оны 2-дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады).*

...Міне, бір айдан кейін тағы да стадионның төрінде отырмыз. 25 қыркүйек. «Қайраттың» бұл жолғы қарсыласы – Минскінің «Динамосы». Киевтің «Динамосы» секілді азулы бәсекелес емес, әрине. Соның өзінде бүгін 22 мың адам осында жиналып, доданың басталуын асыға күтуде. Айқас өтетін алаңға, содан соң стадионның күнгей төрінде тізіліп тұрған, заттай ұтысқа тігілген бір «Жигули» мен екі «Москвичке» үздіге де үміттене көз қадаған осы қалың нөпірдің ішінде біз де бармыз.

«Біз» дегенім – өзім және үш курстасым. Оның екеуі – Өскен *(Өсімхан)* Пістебеков мен Қуаныш Сабыров үшін кіріс билеті де, лотерея билеті де таңсық емес. Былғары мен біз қадірін білетін етікшілердей, футболдың сыры мен сипатын терең түсінетін жанкүйер студенттер. Байқауымша, оларға лотерея – жәй ермек, «Қайрат» ұтса болды. Ал енді Жөкең, яғни Жолдасбек Дуанабаев ше? Жасыратыны жоқ, бір доптың ізінен жүгірген 22 «ақымаққа» күле қарайтын одан бәріміз жабылып жүріп «жанкүйер» жасап алып, додаға үгіттеп әкелдік.

«Бақытты билеттің иесі...»

Бұл – өз оқу тобының старостасы болған Жөкеңнің университет аудиториясынан тысқары жерде қолға түсе бермейтін кезі. Журфактың №5 жатақханасы кейде оған бір түнеп шығатын қонақ үй секілді. Түн ортасы ауа бөлмелестері ұйқыға кіріскенде, жазу үстелінің басында құйттай шамның жарығымен әлденені өндірте шимайлап жатады; әлгілер таңертең сабақтан қалып қоймайық деп апыр-топыр оянғанда, мұның тап-тұйнақ, моп-момақан жинаулы тұрған төсегін көреді. Бұл уақытта Жөкең өзі жұмыс істейтін «Қазақстан пионері» газетінің редакциясына жетіп үлгеріп, кезекті мақаласының қолжазбасы салынған пәпкені қолтығына қысқан күйі машбюроның есігін күзетіп отырған болар деп топшылайды. Ал енді бар ғой, жер-жаһандағы ақпараттың бәріне құлағы түрік жүретін және қалам сілтемейтін тақырыбы жоқ – елгезек, еңбеккеш Жөкеңнің бір «олқылығы» бар-ды. Ол – спортқа тосаңдығы. Осыны «түзетудің» сәті келді...

Сөйтіп, ұлардай улап-шулаған жанкүйер қауым өз футболшыларын «жарайсыңдар» деп қошеметпен шығарып салған соң, бәрі сап тыйылып, «үшінші тайм», яғни лотерея ойыны басталды. Кассадағы кіріс билеттерінің тапшылығына байланысты, бізге орын әр жерден бұйырған болатын. Стадионның батыс трибунасында Өскен екеуміз қатар отырдық та, Жөкең мен Қуаныш алысырақ басқа жерде жайғасқан. Әуелі тоңазытқыш, телевизор, т.б. «ұсақ-түйек» заттар жеңімпаздарға үлестірілген соң, кезек «Москвич-2140» көлігіне келді. Ұтысқа шыққан лотерея билетінің нөмірі мен сериясы дауыстап хабарланды. Әр цифр айтылған сайын билетімізге үңілеміз. Міне, ғажап! Нөмір, серияның бірінші, екінші, үшінші, төртінші... сандары сәйкес келіп жатыр. Бесіншісі де... Өскен екеуміз бір-бірімізге қарадық. Қап, ә... соңғы, алтыншы цифр мүлт кетті. Екеумізде де... «Меніңше, Жолдасбек ұтқан сияқты», – дедім. «Иә», – деді Өскен. Айтқанымызша болған жоқ, орындарынан мойындарын созып, көтеріле дүрліккен жанкүйерлердің арасындағы сатылы жолды қақ жарып, одан әрі милиционерлердің құрсауынан кедергісіз өткен өзіміздің Жөкең шамдары самаладай жарқырған үлкен стадионның қоңыр түсті жүгіріс жолағында балаша томпаңдап бара жатты. Бағасы – бір сом, олжасы – 7 500 сомдық машина боп шыққан қағазды ұстаған оң жақ қолын жоғары көтеріп, айналаға қарата бұлғап-бұлғап қояды. «Бақытты билеттің иесі табылды!» деп сүйінші сұраған диктордың даусы саңқылдайды. Көп ұзамай таблодағы «Қайрат» – «Динамо» 1:1.

Доп соққандар: Яровенко, 42 минут; Евтушенко, 51 минут» деген жазу өшіп, оның орнын «Москвич-2140» көлігі, ҚазМУ-дің студенті Жолдасбек Дуанабаев. Құттықтаймыз!» сөз тіркестері басты... Әсерімізді сөзбен жеткізу қиын! Жолдасбек Дуанабаев пен оның шашбауын көтеріп жүрген біз үшін «Қайрат! Қайрат!» деп тамақ жырта айқайлаған 90 минутымыз зая кетпепті.

Доп теппейтіні секілді, ол заманда Жөкең көлік те айдамайтын. Есесіне, Қуаныш тәжірибелі жүргізуші боп шықты. Сол себепті, әуелі Жөкеңнің «Москвичінің» жолы «Тастақ» ықшамауданына түсті. Қуаныштың отбасымен тұрып жатқан пәтері сол аймақта еді. Оның кісіге мейірі шексіз анасы ақ батасын беріп, қазанға ет салғызды. Қуаныштың келіншегі де инабат танытты, ал балалары үйіне үлкен ойыншық келіп қалғандай мәз болды.

Жолшыбай сатып алған «шампанымыз» да үстел үстінен орнын тапты... Қысқасы, не керек, ас-ауқаттан кейін Жөкең мен оның көлігі басқа тұраққа кетті де, Өскен екеуміз Қуаныштың үйінде қонып қалдық.

Кейін курстасым, өмір бойы журфакта дәріс оқып келе жатқан Шәрипа Нұржановадан білгеніміз, Жөкең Меркіге дереу жеделхат жолдаған. Ондағы мақсаты – көлікті ауылға беріп жіберу. Қант қызылшасының науқанында жүрген туған ағасы Айтжан жұмыстан сұранып, Алматыға аттанған. Ол үш жүз елу шақырымнан астам жолды артқа тастап, таңертеңмен жетіп келсе, су жаңа «Москвич» Жөкеңнің жақын ағасы, белгілі журналист Оңдасын Әмірекұловтың «Самал» ықшамауданындағы үйінің алдында тұр екен. Көліктің ішінде Жөкеңнің өзі және тағы бір «бала» алаңсыз ұйықтап жатқан көрінеді. Мәшиненің әйнегін ақырындап шертіп қараса, олар ояна қоймапты. Шамасы, түнгі күзет біразға дейін көз шырымын оңайлықпен алдырмаса керек.

Жөкеңмен бірге көлікке қонған «баланың» жайы да енді белгілі болды. Ол – бүгінгі «Жас қазақ» газетінің бас редакторы, Президент сыйлығының иегері, танымал журналист әрі шебер футболшы Срайыл Смайылов. Тап сол күні белгілі бір себептермен «Қайраттың» ойынына бара алмай қалған оны Жөкең жатақханаға арнайы соғып, ертіп алып кеткен.

Ағасы Айтжанның айтуынша, Жөкеңнің «Москвичін» ол ауылда жеті жыл мініп, содан соң «УАЗ»-ға айырбастаған.

Жөкең қолы қалт еткенде ауылына барып тұратын. Туған жеріне шеккен әр сапарында Аспараның қасиетті суын құтыға толтырып әкеліп, жұртқа дәм татқызатын. Оның жүрген жері сондай ізгі амалға толы еді.

...Ал көліктің «тағдырын» көзі тірісінде ешқашан қазбалап сұраған емеспіз.

Амантай ШӘРІП,
курстасы, әдебиеттанушы ғалым

JAS QAZAQ ГАЛЕРЕЯСЫ

«Мамыражай бояу»

Ерсайын ЖАПАҚ –
суретші, ақын, сазгер.

Ол 1995 жылдан бері Алматыдағы «Вояжер», «Ұлар» «Ұмай» галереяларында, Арманжан Байтасовтың «Media Cafe» алаңында, Ә.Қастеев музейінде бірнеше көрмесі ұйымдастырылған. Латвияның Вильнюс қаласында өткен Art Vulnus фестиваліне қатысқан. 2020 жылы белгілі түрік меценаты Суат Гүнсел мырзаның ұйымдастырумен Кипрде өткен пленэрге қатысқан. «Үшінші мыңжылдық қарсаңындағы Қазақстан бейнелеу өнері» *(2000)*, т.б. қазақстандық суретшілердің каталогтарына туындылары енген. Ерсайын өзінің сурет салу стилін «Мамыражай бояулар» деп атайды.



Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*
Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ –
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ –
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2244;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.